

Кімге: Қазақстан Республикасының Көлік министрлігіне

Кімнен: Қызылорда облысы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдар басқармасының Жолаушылар көлігі және көлік инфрақұрылымы бөлімінің басшысы Бекішев Самат Болатбекұлы

Орындалған күні: 08.11.2024 жыл

Аналитикалық жазба

Зерттеу тақырыбы: Қызылорда облысындағы көлік инфрақұрылымдарының дамуын талдау.

Кілт сөз: Көлік инфрақұрылымы, Республикалық бюджет, бюджеттік бағдарламалар, демеушілік, экономикалық даму.

Кіріспе: Қызылорда облысында соңғы жылдары көлік инфрақұрылымы қарқынды дамуда. Көлік инфрақұрылымы – ел экономикасының дамуына ықпал ететін негізгі салалардың бірі.

Бұл ретте өңірде көлік инфрақұрылымдарды дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып келеді.

Атап айтқанда, Қызылорда қаласының «Қорқыт Ата әуежайы» жаңа жолаушылар терминалының құрылысы, Қызылорда қаласының сол жағалауындағы жаңа автовокзал құрылысы, Қызылорда темір жол вокзалын қайта жаңғырту жұмыстары және облыс аумағындағы автомобиль жолдарын дамыту бойынша атқарылған жұмыстар.

«Қорқыт Ата әуежайы» жаңа жолаушылар терминалының құрылысы бойынша:

«Қорқыт ата» әуежайының қолданыстағы ғимараты халықаралық талаптарға сәйкес келмейді, себебі бұрынғы **ангарға қайта жаңғырту жүргізіліп**, жолаушылар терминалына бейімделген.

Қазіргі таңда әуежайдан аптасына **26 рейс** орындалуда, оның ішінде Астанаға-17, Алматыға-9 рейс. Бұл рейстер «AirAstana», және «Fly Arystan», «Qazaq Air» әуе компанияларымен атқарылуда.

Қолданыстағы бағыттар бойынша тұрақты рейстерді көбейтуге, **Ақтау, Атырау** қалаларына қосымша рейстер ашу, сондай-ақ, **«Қызылорда-Көкшетау», «Қызылорда-Ақтөбе», «Қызылорда-Қарағанды»** сияқты әуе бағыттарды әлеуметтік маңызы бар рейстер тізбесіне енгізу жоспарлануда.

Осы жылдың **4 маусымында «Fly Arystan»** әуе компаниясымен жазғы уақытта **Анталья (Түркия)** қаласына **чартерлік** рейс іске қосылды.

Өңірде әуе тасымалына **сұраныс жылдан жылға артып, тиісінше жолаушылар мен жүк ағымы ұлғаяуда.**

Әуежайдың қызмет көрсету сапасын артыру **мақсатында жаңа жолаушылар терминалы салынды.**

Жаңа терминал құрылысы жеке инвестор **Болат Өтемұратов** Қорының қаржысымен жүргізілді. Жобаның жалпы құны: **20,9 млрд. теңге** (Қор - 16,6 млрд. тг., жергілікті бюджеттен - 4,3 млрд. тг.).

Жергілікті бюджет қаржысы есебінен әуежайдың **сыртқы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдарын** жеткізуге жұмыстар жүргізілді (жылу, су, электр және кәріз желілері, телефон, автожол және автотұрақ, көгалдандыру, жарықтандыру).



Құрылыс жұмыстары 2023 жылдың **ақпанында** басталып, 2024 жылы **мамырында** аяқталды.

Жаңа терминалда халықаралық **стандарт талаптарына** сай жолаушыларға қызмет көрсетуге қажетті **барлық жағдай** қарастырылған.

Анықтама ретінде: Жаңа терминалда ішкі және халықаралық рейстерге арналған залдар, **транзиттік** жолаушылар залы, **CIP-зал**, жүкті автоматты түрде беру жүйесі, «**Duty Free**» аймағы, **сауда нүктелері**, медпункт, жолаушыларды **тіркеуге арналған 8 орын** және **5 өзін-өзі тіркеу бекеті**, жүкті және жолаушыларды тексерудің **7 бақылау нүктесі**, **10 төлқұжатты бақылау кабинасы** бар.

Осылайша, әуе көлігімен жолаушылар тасымалының көлемі **300** мың жолаушыдан **2** млн. жолаушыға дейін ұлғаяды, жүк тасымалының көлемі жылына шамамен **1,5 есе артады** деп жоспарлануда.

Қазіргі әуежай сағатына **150** жолаушы қабылдайтын болса, жаңа терминал іске қосылған соң **250** жолаушы қабылдамақ.

Жалпы, бұл жоба облыстың әуе көлігі қызметін **халықаралық деңгейге жеткізуге мүмкіндік береді**.

Облыс әкімдігі тарапынан Қызылорда қаласының «Қорқыт Ата» әуежайын вьетнамдық Vietjet Air операторына сенімгерлік басқаруға бағытында жұмыстар жүргізуде.

Халықаралық ойыншының біздің өңірімізге келуі Qazaq Air компаниясының әуе кемелерінің базалық паркін орналастыруға, сыртқы және ішкі әуе рейстерін ашуға, жүк тасымалының логистикасын дамытуға серпін береді.

Қызылорда қаласының сол жағалауындағы жаңа автовокзал құрылысы:



Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасымен «Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жағалауынан автовокзал құрылысы» жобасы іске асырылды.

Жоба құны **975 млн. теңгені** құрады.

Автовокзал ағымдағы жылдың сәуір айында пайдалануға берілді.

Анықтама ретінде: Автовокзалдың жалпы алаңы **1196,96 ш. метр**, сыйымдылығы **200 жолаушы**. Автовокзалда автобустардың автовокзал аумағына келіп жолаушыларды түсіру үшін - **6**, сапарға шығатындарға - **11 перрон** жасалған. Автобустар үшін қосымша **30 орын автотұрақ** ұйымдастырылған. Автовокзал аумағында жалпы саны **50 автокөлік** үшін автотұрақ көзделген, оның ішінде **3 орын мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған**.

Автовокзалда күту залы, билет кассалары бар күрделі ғимарат, жүргізушілерді медициналық куәландыру, алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету пункттері, жүк сақтау камералары, жолаушыларды отырғызуға және түсіруге арналған перрон, автобустар тұратын алаң, диспетчерлік пункттер, ана мен бала бөлмесі, асхана, жүргізушілердің демалатын бөлмесі, коммерциялық киоскілер, полиция бөлмесі, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған туалет, касса, лифті қарастырылған. Автовокзалда **15 адам** тұрақты жұмыспен қамтылған.

Жолаушылар мен тасымалдаушыларға қызмет көрсету талаптарына сәйкестендірілген жаңа автовокзалдан барлығы **38** автобус маршруты (**1 халықаралық** (Ташкент қаласына), **7 облысаралық қалааралық**, **30-і ауданаралық**) шығады.

Қызылорда темір жол вокзалын қайта жаңғырту жұмыстары:

Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалы 2 ғимараттан - 1905 жылы салынған 1 қабатты ғимарат және 1969 жылы салынған 3 қабатты екінші вокзал ғимараттан тұрады.



Анықтама:

- ескі вокзалдың жалпы ауданы - 832,1 м²;
 - жаңа вокзалдың жалпы ауданы-1336,9 м²;
 - теміржол вокзалында 2 жолаушы платформасы бар, жалпы ауданы – 2169 м².
- Теміржол вокзалы қызметкерлерінің жалпы саны-38 адам.
Теміржол вокзалы тәулігіне 1500 жолаушыға қызмет көрсетеді.

Қызылорда қаласының темір жол вокзалының ескі ғимаратын жөндеуге қажетті сома **577 млн. теңгені** құрады («Қазақстан Темір Жолы» компаниясымен - 322 млн. теңге және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 255 млн. теңге қаржы қаралды).

Темір жол вокзалы аумағындағы сауда орындары ғимаратының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

Сонымен қатар, аудан әкімдіктері аудандарда орналасқан темір жол вокзалдарына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге жобалық сметалық құжаттамалары әзірлеп, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ- «Қызылорда магистралды желі бөлімшесі» филиалына жолданды. Бүгінгі таңда, аталған мекеме жөндеу жұмыстарына қаржы бөлу мәселесін қарауда.

Облыс аумағындағы автомобиль жолдарын дамыту бойынша:

2024 жылы жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттен барлығы **43,3 млрд. теңге** бөлініп, ұзындығы **300 км** жуық құрайтын автомобиль жолдары, көшелер және көпір өткелдерін жөндеуден өткізілуде.

Анықтама ретінде: Қызылорда облысы аумағында жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – **3580,5 км** құрайды. Оның **1014,5 км** республикалық, **555 км** облыстық, **2011 км** аудандық маңызы бар автомобиль жолдары.



Соңғы жылдары Қызылорда облысының жол инфрақұрылымы саласында оң динамика қалыптасып, айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуде. Мәселен, **2020-2024** жылдар аралығында жергілікті жолдардың деңгейін жақсарту мақсатында бюджеттен жалпы құны **85,2 млрд. теңге** қаржы бөлініп, ұзындығы **2 126 км** құрайтын автомобиль жолдары, көпір өткелдері және көшелерді қайта жаңғырту жүргізілді.

Осы ретте, Мемлекеттік бағдарламалар аясында облыстағы жол саласын дамытуға республикалық бюджетке **55,6 млрд теңгенің 88 жоба** ұсынылды.

2024 жылға нақтыланған **48 жобаның 17,1 млрд теңгесі** қолдау тауып, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық индикаторлық көрсеткішінің үлесі **2023 жылы 87,5 %** құраса, **2024 жылы 92%** жеткізу межеленіп отыр.

Облыстың экономикалық дамуына әсер ететін негізгі фактордың бірі – республикалық маңызы бар жолдардың сапалы жүргізілуі.

Бұл ретте Қызылорда облысын еліміздің орталығымен байланыстыратын «Қызылорда-Жезқазған» күре жолының құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» күре жолы біраз жылдардан бері күрмеуі шешілмей келген, халықтың арасында біраз талқыға салынған мәселелердің бірі болды. Ел Президенті Қ.Тоқаев «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының құрылысын мерзімінде бастауды және сапалы әрі халыққа қолайлы жағдай жасауды тапсырған болатын.

Осы орайда аймақ басшысының тікелей қадағалауымен республикалық маңызы бар жолдың құрылысы қарқынды жүруде. Сыр өңірін еліміздің орталық бөлігімен жалғайтын күре жолдың жалпы ұзындығы – **424 км** құрайды. Ал Қызылорда облысының аумағындағы автомобиль жолының ұзындығы – **216 км.** құрайды. Жоба құны - **108,5 млрд. теңгені** құрайды.

Қазіргі таңда республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» тас жолының 190 шақырымына абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, іске асырылып жатыр. Бүгінгі күні құрылыс көрсеткіші жақсы деңгейде деп айтуымызға болады. Аталған жолдың сапалы әрі қанағаттанарлық деңгейде орындалуы үшін бекітіліген жоспарға сәйкес орындалып жатыр. Құрылыс жұмыстары 2025 жылы аяқталады деп жоспарлануда,

Бұл жоба- Ресей Федерациясын Орта Азия мемлекеттерімен, Қазақстан Республикасының оңтүстік, солтүстік және орталық аймақтарымен байланыстырады.

Барлығы **424 км** құрайтын жолды жөндеу нәтижесінде тәулігіне көлік айналымы **1500 данадан 6000-ға** дейін, жолаушылар саны **3000 адамнан 17 000-ға** дейін, жүк тасымалы көлемі **700 тоннадан 3000 тоннаға** дейін артады.

Сондай-ақ Қызылордадан Астана қаласына дейінгі жол жүру уақыты 6 сағатқа қысқарады. (15 сағаттан 9 сағатқа дейін).

Көлік инфрақұрылымдарын дамыту жұмыстары төмендегі қаржы көздері арқылы қаржыландырылды:

1. Қорқыт Ата әуежайы» жаңа жолаушылар терминалының құрылысы: Болат Өтемұратов қоры және жергілікті бюджеттен;

2. Қызылорда қаласының сол жағалауындағы жаңа автовокзал құрылысы: жергілікті бюджеттен;

3. Қызылорда темір жол вокзалын қайта жаңғырту жұмыстары: «Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық компаниясы және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен;

4. Автомобиль жолдарын дамыту: Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы, «Жалпы сипаттағы трансферттер», «Өңірлерді дамыту», «Кіші қалаларды дамыту», «Ауыл - ел бесігі» бағдарламалар және облыстық бюджеттен.

Қорытынды

Көлік инфрақұрылымдарының дамуы - ел экономикасының даму көрсеткіші.

Пайдаланылған деректер, әдебиеттер:

1. Қызылорда облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдар басқармасының <https://www.facebook.com/auto.dorog> ресми сайты.
2. «ҚазАвтоЖол» АО ҰҚ <https://www.facebook.com/kazautozhol> ресми сайты.